

«№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Бұйрық

Мәртөк а.

№ 64

01.09 .2022 жыл

«Балалар және театр»
жоспарын бекіту туралы

Аудандық білім бөлімі, Ақтөбе облысы білім басқармасының 18.01.2021 жылғы № 2-200 хаты негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2022-2023 оқу жылына мектепшілік «Балалар және театр» жобасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.
2. Іс-шаралар жоспарын құру аға тәлімгер А.К.Сағбаевқа жүктелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.М.Жакуповаға қалдырылсын.

Мектеп директоры:



М.Ш.Жамаладинов

Бұйрықпен таныстым:



Ж.М.Жакупова
А.К.Сағбаев

Бекітемін:

№ 3 Мәртөк жалпы орта білім беретін

мектебінің директоры:

М.Ш.Жамаладинов

№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінің «Балалар және театр» жобасын жүзеге асыру жөніндегі 2022-2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары.

№	Іс-шараның атауы	Орындалу мерзімі	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар
1	Іріктеу(Кастинг). Жоспар құрастыру Составление плана.	қыркүйек сентябрь	Үйірме жұмысын жандандыру	Сатбаев А.К
2	«Театр этикеті» Қазақстан театрларына онлайн-экскурсия	Қазан октябрь	Онлайн-экскурсия	Сатбаев А.К
3	«Біз бірдейміз – біз әр түрліміз» Танымал адамдармен, өнер қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыру	Қараша ноябрь	Кездесу Встреча	Сатбаев А.К
4	«Театр тәрбие бесігі» «Ертегілер әлемі»	Қаңтар январь	Ертегілер қойылымы	Сатбаев А.К
5	«Театр тәрбие бесігі» Наурыз мейрамы театрланған көрініс	Наурыз март	Мектепішілік көрініс	Сатбаев А.К
6	1.«Театр балалар көзімен» эссе байқауы Конкурс эссе «Театр глазами детей » 2.«Мақта қызбен мысық» атты ертегісі қойылымы	Сәуір апрель	мектепішілік байқау школьный конкурс	Сатбаев А.К
7	«Театр отбасында» отбасы мүшелерімен ертегі кейіпкерлеріне тик-ток түсіру.	Мамыр май	Мектепішілік байқау	Сатбаев А.К
8	Театрлық қойылымдарға бару	Жыл бойы В течение	Мектепішілік	Сатбаев А.К

		года		
9	Театр әртістерінің өмір жолына виртуалды шолу жасау	Жыл бойы В течение года	Мектепішілік	Сатбаев А.К
10	«Театр хабаршысы». Мектептің әлеуметтік желісінде театрдың тыныс тіршілігін, өткізілген іс - шаралармен және жаңалықтармен бөлісу.	Жыл бойы В течение года	Мектепішілік	Сатбаев А.К

№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінің «Балалар және театр» жобасын жүзеге асыру жөніндегі 2022-2023 жылға арналған іс-шаралар талдамасы

Мақсаты: Оқушылардың шығармашылығын дамыту, балалардың бойына рухани қазынаны сіңіру және елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, баланың сөйлеу мәнерін жақсарту, көпшілік алдында өзін ұстай білу, жан-жақты дамуына ықпал жасау.

1. Жылдық жоспар құрылды;

2. Жетекшілер тағайындалды;

Іріктеу (Кастинг). Жоспар құрастыру.

Театр – халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің құралы. Сондықтан өскелең ұрпақтың арасында өнердің осы бір түрін дамыту өте маңызды. Биылғы оқу жылында білім беру ұйымдарының тәрбие бағытындағы жұмыстарының мазмұнын толықтыру мақсатында «Балалар және театр» жобасы қолға алынған болатын. «Балалар және театр» жобасын енгізудегі мақсат – оқушылардың шығармашылығын дамыту, балалардың бойына рухани қазынаны сіңіру және елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, баланың сөйлеу мәнерін жақсарту, көпшілік алдында өзін ұстай білу, жан-жақты дамуына ықпал жасау.

Іріктеу кезеңінің мақсаты:

- мектеп қабырғасында театр мәдениетін қалыптастыру;
- оқушылардың шығармашылығын дамыту;
- сахнада өз-өзін ұстау және еркін сөйлеу мәнерін жақсарту;

«Балалар және театр» жобасы аясында мектебімізде 9-қыркүйек күні іріктеу кезеңі өткен болатын. Іріктеу кезеңіне 1-8 аралығындағы қазақ және орыс сыныптарының оқушылары қатысып, өнерлерін паш етті. Іріктеу кезеңінде «Балалар және театр» жобасының жетекшісі, мектебіміздің аға-тәлімгері Сатпаев Аслан Канибекович және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жакупова Жадыра Мырзағалиевна төрешілік етті.

Іріктеу нәтижесінде жоба қатысушылары анықталып, жұмыс жоспары құрылды.

«Театр этикеті» Қазақстан театрларына онлайн-экскурсия.

Мақсаты:

- оқушыларды театр мәдениетімен;
- Қазақстан театрларымен таныстыру;

Оқу жылының қазан айында мектебіміздің 11 сынып оқушыларын Қазақстан театрларымен онлайн таныстыру шарасы өткен болатын. Іс-шара барысында оқушыларға театрлар туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, бейнетаспалар көрсетілді. Статистикалық мәлімет бойынша қазір Қазақстанда 65 театр жұмыс істейді. Оның 52-сі мемлекеттік (бұл қатарда 4 ұлттық (этникалық) театр: ұйғыр, корей, неміс және өзбек театры бар).

Мемлекеттік 52 өнер ошағының 3-еуі опера және балет театры, 5-еуі балалар мен жасөспірімдер театры, 7-еуі қуыршақ театры, 24-і драма театр (оның ішінде 3-еуінде қазақ және орыс труппасы бар), 11-і музыка-драма және комедия театры, біреуі жастар және біреуі сатира театры.

Қазақ театр өнерін дамыту, дәстүрлі негізде дарынды артистер мен режиссерлерді анықтау және ынталандыру мақсатында 1992 жылдан бастап жыл сайын Қазақстан драма театрларының республикалық фестивалі өткізіледі. Сонымен қатар жыл сайын шетелдік шеберлердің қатысуымен театр өнері қайраткерлерінің республикалық практикумы өтеді. Бұл іс-шараның мақсаты – театр саласында жаңа әдістемелерді зерделеу, театр өнеріндегі мәселелерді талқылау, тәжірибе және пікір алмасу.

Аталған жоба аясында мектебімізде 11 сынып оқушылары А.С.Пушкиннің «Барышня-крестьянка» қойылымын қойып, өз өнерлерін көрсетті. Оқушылардың театр үйірмесіне деген қызығушылығы өте жоғары. Әрбір кейіпкердің рөлдерін сомдауға барын салып, кейіпкердің образын ашуға тырысты. Талантты балалардың басын біріктіретін үйірменің балаларға берері көп. Жобаның мүшелері де сахнада өздерін еркін ұсатуға, кейіпкер бейнесін ашуға, шығарманың мазмұнын толық түсініп, сахналап шығауға машықтанып келеді.

<https://www.instagram.com/reel/CIEebFIICjD/?igsh=dGo0dWNtMHBibzFn>

«Біз бірдейміз – біз әртүрліміз»

Ағымдағы оқу жылының «Балалар дәне театр» жобасының жоспарына сәйкес жоба қатысушылары, яғни 4 «Б» сынып оқушылары Самуил Маршактың «12 ертегісін қойып, өз өнерлерін көрсетті. Ертегі сюжеті бойынша: Жас және әдемі қызды (кейбір вариацияларда Марушка деп

атайды) зұлым өгей шешесі мүмкін емес тапсырмаларды орындау үшін қыста суық орманға жібереді. Ол өгей әпкесіне туған күніне сыйлық ретінде қыста көктемгі шегіргүл, жазғы құлпынай және күзгі алма алуы керек. Қыз боранға аттанып, ақыры ормандағы жылы оттың астында бейнеленген 12 айды кездестіреді. Ол жақындап, сыпайы түрде олардың отына қолын жылыта аламын ба деп сұрағанда, олар оның не үшін бар екенін сұрайды, ал ол өгей отбасы туралы және не іздейтіні туралы айтқан кезде рухтар оған көмектеседі. Наурыздың балалар рухы күлгіндерді, жас маусым құлпынайларын, қыркүйек айында өсірілген алмаларды қарт қаңтардың нұсқауымен жасайды. Өгей шешесі мен әпкесі алғыс айтпай-ақ заттарды алып кетеді. Зұлым өгей әпке өзінің сыйлықтарынан үміттеніп, он екі айды қар астында іздеуге келгенде, рухтар жоғалып кетеді, олардың оттарын алып, өгей сіңлісін мәңгілікке іздеп, суық және аш қалдырады. Зұлым өгей шешені де дәл осындай тағдыр күтіп тұрды. Ол да ашкөздіктің өзімен бірге қашып кетуіне жол берді және осы күнге дейін үйіне қайтар жолды достықсыз орманнан іздейді. Мейірімді әпке өз үйінде қалып, бақытты өмір сүрді.

<https://www.instagram.com/reel/CImCSu9M5yr/?igsh=N29uYnl4N3ZmN2g4>

«Театр тәрбие бесігі», «Ертегілер әлемі»

Театр – тәрбие бесігі. Көрнекті жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» деп баға беруі де тегін болмаса керек. Мәдениет пен руханият әлемін театрсыз елестету әсте мүмкін емес.

Театр - ол шығармашылық адамдардың ортасы. Грек тілінен аударғанда "ойын сауық орны" деген мағына беретін бұл мекеннің өз құндылығы бар. Тек дайын драматургияны қойып беру емес, ондағы оқиғалардың неге олай болғаны жайында ойлану. Өйткені театр көрермендерге әрдайым дұрыс жол көрсетіп отырады. Адам баласын жақсы жағына өзгеріп, өзін түсініп, рухани дамуға септігін тигізері сөзсіз.

Жүсіпбек Аймауытов айта кеткендей «... театр деген нәрсе ермек емес, көңіл көтеру де емес, ол – үлгі, ол – тәрбие, өнер орны». Шың мәнінде онда ізгілік пен махаббат, зұлымдық пен қасірет секілді қасиеттердің ара жігін көрсетеді.

Еліміздің театр тарихына көз жүгірте кетсек, өмірлерін өнермен байланыстырып, сөз жетпейтін ерекше сезім қалдыра білген Тұңғышбай Жаманқұлов, Асанәлі Әшімов, Гүлжамал Қазақбаева сынды тағы да басқа

өнер адамдарының есімі тарихта мәңгіге қалады. Елімізде аты әлемге танылған Мухтар Ауезов, Ғабит Мүсірепов, Абай Құнанбаев, Жүсіпбек Аймауытов секілді ұлағатты өкілдеріміздің атынан ашылған театрларда бар. Сонымен қатар балаларға арналған театрлар және балалардың ой өрісін кеңейту үшін қойылатын " Алтын сақа», «Нұрлы тас», «Әлия Молдағұлова», «Жастық», «Есірткен ерке», «Біздің Ғани» сияқты пьесалар бар.

Театр өлмейді де, оны ешкім өлтірмейді. «Театр - сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі».- деген Мухтар Ауезов ағамыздың сөзімен ойымызды қорытындылайық.

<https://www.instagram.com/reel/Co6FUNWImF9/?igsh=b2pwNmE1YWNpZnZh>

«Театр тәрбие бесігі»

Наурыз мейамы театрландырылған көрініс.

Наурыз — Шығыс елінің бүкілхалықтық мейрамы, яғни **Ұлыстың ұлы күні**.

Наурыз — жаңа жылды қарсы алатын ежелгі зороастриялық салт-дәстүр. Наурыз мейрамы ежелгі Иранда пайда болды, күнге табыну мен Заратуштра пайғамбарының есімімен байланысты.

Наурыз парсы тілінен аударғанда "Жаңа күн" деген мағына береді. Бұл күні ежелгі парсы патшалары жыл мезгілдері бейнеленген Күн тәжін басына киіп, от шіркеулерінде құдайға құлшылық еткен және өзінің бағыныштыларына жомарттық танытып сыйлықтар таратқан.

Бұл мерекені біздің мектебімізде асыға күтіп, атап өтеді. Наурыз айының алғашқы «Алғыс айту» күнінен бастап, ұлттық киімдер киіліп, күнделікті салт-дәстүрлер жасалып, ұлттық ойындар ойналады. Үлкен мектепшілік концертте жоба қатысушылары да өз өнерін паш етіп, «Қош келдің әз-Наурыз» қойылымын қойды.

Тақырыбы: «Қош келдің, әз наурыз!» мерекелік қойылымы.

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық салт – дәстүрді таныстыру. Қазақтың ұлттық өнерінен, мәдениетінен тәлім – тәрбие беру. Ұлтжандылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Сахнада, көпшілікте өзін – өзі ұстауға дағдыландыру.

Көрнекіліктері: көрпе, жастық, қамшы, ұршық, бесік, үйшік, қамыс, кілемше, шырақтар т. б.

Барысы: Сахна әсем шаңырақпен безендірілген, Р. Рымбаеваның «Наурыз – думан» әні әуелеп тұрады.

I - Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, ұстаздар, оқушылар! «Наурыз – думан» мерекесін бастауға рұхсат етіңіздер!

2 - Жүргізуші: Жаңа жылды қарсы алу, барша халықтың дәстүрлі мерекесі. Әр халықтың өзінше мерекесі болады. Мұсылман халқының жаңа жылы «Наурыз» айының 22-сі. Ұлы қазақ халқы жаңа жылын «Наурыз» дейді.

1 - Жүргізуші: Кеңінен елге таралған,
Негізі ерте қаланған.

Еңбек шаттық жыл басы,
Наурыздан бастап саналған.

2 - Жүргізуші: Наурыз келсе құт келгені халайық,
Есік ашып, шашу шашып,
Ел боп қарсы алайық.

Олай болса,

Қонақтарды қарсы алайық

(Көрермендерге шашу шашылады)

1 - Жүргізуші: Ұлы халқымыздың, әлімсақтан тұрмыстық мерекесі болып келген, жаңа жыл мейрамы – Наурыз мейрамы құтты болсын халайық.

2 - Жүргізуші: Досым - ау, жаңа жыл әлі келе қойған жоқ, осы әредікте, ескі жылды есте қаларлықтай етіп, жақсылығын марапаттап, табыстарын құрттай санап, асылдарын жүктей қаптап, моншақтай тізіп алайық та, бір мақтап, мадақтап.

1 - Жүргізуші: Құрбым – ай! Сіздің өткен жылды қимайтындай сыршыл екеніңізді білсемші. Өткен жылда еліміздің іргесі аман, қазанымыз бүтін болды. Біреуміз екеу болып, басымызға бас қосылды, жаңа шаңырақтар көтерілді. Өмірге жас нәрестелер келіп, ұрпақ өсті.

2 - Жүргізуші: Иә, еліміздің егемендігі нығайып, халқымыздың тәуелсіздігі артты. Газет, журналдар, теледидар қазақ тіліне көшіп болды. Басқа ұлттың өкілдері қазақ тілінде сөйлейтін болды. Тіліміздің мәртебесі артты деген осы емес пе құрбым.

1 - Жүргізуші: Иә, дұрыс айтасың, құрбым! Жақсылық тек жақсылыққа жалғаса берсін. (Бұрылып қарап) Оу, бізге қонақ келе жатқан сияқты.

(жеті бала жеті шырақ алып шығады. Сахнаға Қыдыр баба шығады. Ұл балалар тізерлеп бата тілеп отырады.)

Қыдыр бабаның батасы:

Ұлыстың ұлы күнінде,

Ұлың оңға қонсын,

Қызың қырға қонсын,

Қыруар малың өріске толсын,

Елдеріңнің іргесі берік болсын,

Жасқа құрмет, кәріге күтім болсын,

Сөздерің серттей берік болсын,

Еккендерің өнімді болсын,

Өмірлерің көңілді болсын,

Төрт - түлік төлді болсын,

Баққандарың шөлді болсын,

Ақ көп болсын,

Уайым – қайғы жоқ болсын,

Сапарларың оң болсын,
Дәулетінді асырсын,
Дұшпаныңды басырсын.
Әумин!

(Сахнаға Жер ана шығады. Қыз балалар тізерлеп отырады.)

Жер ананың аластау рәсімі:

Алас, алас пәледен алас,
Алас, алас баладан алас,
Алас, алас жаманнан алас,
Көзі жаманның көзінен алас
Тілі жаманның тілінен алас,
Елімнен алас, жерімнен алас,
Алас, алас! Алас, алас!

2-Жүргізуші: Кеңінен елге таралған,
Негізі ерте қаланған.

Көнермей салт – дәстүріміз
Көп елдерге таралған.

1 - Жүргізуші: Наурыз жырын жырлаймыз

Онымен де тұрмаймыз.
Шындалып жеткен бұл күнге,
Ел дәстүрін сыйлаймыз.

Дәстүр Ат қою

1-оқушы:

Шілдехана – сәби дүниеге келген соң бір жеті бойы ана мен баланы күтіп, оның көңілін көтеріп, оның қасына дастархан жаю әдеті. Қазақ елінің әр түкпірінде бұл рәсім әр қалай өтеді. Сол күні баланы шілде суына шомылдырып, сынғырлаған тиындар салады, балаға денсаулықпен бірге байлық та тілейді. Шілдехана өткізілетін күні ана әбден сорпаланып өзінің шілде терін шығаруы тиіс.


2-оқушы:

Есімін атау (ат қою) – бұл рәсім ұлағатты кісіге жүктеледі. Қазақ аттарының көптігі басқа халықтардан ерекшелігі. Қыз балалардың есімдері олардың көркемдігі. Ат қою «көз тимесін» деген оймен қойылады. Ат таңдалғаннан кейін баланың құлағына 3 қайтара айтылады.

«Театр балалар көзімен»

Конкурс «Театр глазами детей»

Ағымдағы жылдық жоспарға сәйкес сәуір айында бастауыш сынып оқушылары арасында «Театр балалар көзімен» атты сурет салу байқауы өтті.



«Театр отбасында»

Жылдық жоспарға сәйкес мамыр айында «Театр отбасында» атты байқау өтті. Байқаудың мақсаты: ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орната отырып, баласының қызығушылықтарын бөлісу болатын. Байқау шарттарына сәйкес оқушылар ата-аналаымен тик ток түсіру керек болатын, бірақ біз шарттарын жеңілдетіп, ата-аналарымен оқушылар отбасыны бейнелейтін сурет салу байқауы ретінде өзгеріс енгізген болатынбыз.

